



2016ж. қаңтар-ақпан


ҚР Ұлттық Банкі

Қазақстан экономикасына қысқаша шолу

Негізгі түйіндер

2016ж. қаңтар-ақпанда қысқа мерзімді экономикалық индикатор төмендеді

2016ж. қаңтар-ақпанда қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 0,5%-ға төмендеді. Саудада, өнеркәсіпте, соның ішінде кен өндіру саласы, және байланыста көлемдердің қысқаруы қысқа мерзімді экономикалық индикатордың төмендеуіне себепші болды.



*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

1. Макроэкономикалық индикаторлар

1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

р/с №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар-ақпан	2016ж. ақпан	% -бен		2016ж. ақпан 2015ж. қаңтарына
					2015ж. қаңтар-ақпанына	2016ж. ақпанына	
A	Б	1	2	3	4	5	
1	ЖІӨ (2015ж. үшін жедел деректер)	млрд.теңге	40 761,4		101,2*		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	2 604,1	1 322,9	99,7	100,1	102,6
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	285,3	140,2	102,1	102,3	94,8
4	Құрылыс	млрд.теңге	157,5	93,9	103,7	105,5	147,1
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	78,6	38,4	100,1	101,7	95,7
6	Байланыс	млрд.теңге	111,0	52,7	96,0	95,4	90,1
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд.теңге	985,0	492,2	95,7	98,9	99,1
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	601,9	339,1	104,1	105,5	128,6
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%			114,8	115,2	101,1
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%		5,1			
11	Орташа айлық номиналды жалақы*	мың теңге		127 004,0	103,2	105,0	100,0
12	Нақты жалақы индексі*	%		91,1			

* - Деректер 2015ж. үшін көрсетілген

Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2016ж. қаңтар	% -бен		2016ж. қаңтар % -бен 2015ж. желтоқсанына
				2015ж. қаңтарына	4	
A	Б	1	3	4	5	
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл.	4,3	57,7		69,6
1.1.	- экспорт	млн. долл.	2,8	57,4		71,0
1.2.	- импорт	млн. долл.	1,6	58,4		67,3
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс*	мың теңге	68,2	110,4		89,2

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің деректері қолданылған. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі, ТБИ - тұтыну бағасының индексі

* - бағалау



1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2016ж. қаңтар-ақпанда өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және құрылыста өсудің жалғасуы байқалды.

Оң үдерістер

р/с №	2016ж. қаңтар-ақпан %-бен 2015ж. қаңтар-ақпанына	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар %-бен 2015ж. қаңтарына
1. ЖІӨ (2015ж. үшін жедел деректер)	101,2*	өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс пен көлікте өсудің жалғасуы*	
2. Өңдеу саласы	100,8	металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдерінің ұлғаюы	100,4
3. Ауылшаруашылығы	102,1	мал шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	101,9
4. Құрылыс	103,7	құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	101,2
9. Көлік (жүк айналымы)	100,1	құбыр көлігіндегі жүк айналымының ұлғаюы	98,7
6. Негізгі капиталға инвестициялар	104,1	меншік қаражаты есебінен негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	102,5

* - Деректер 2015ж. үшін көрсетілген

2016 ж. қаңтар-ақпанда саудада бөлшек сауда мен көтерме сауда көлемдерінің қысқаруы есебінен төмендеу орын алды. Өнеркәсіп саласында тау-кен өндірудің есебінен төмендеу байқалды. Импорт пен экспорттың төмендеуі сыртқы сауда айналымының қысқаруына себепші болды.

Теріс өзгерістер

№пп	2016ж. қаңтар-ақпан %-бен 2015ж. қаңтар-ақпанына	Факторлар	Анықтама үшін: 2016ж. қаңтар %-бен 2015ж. қаңтарына
7. Өнеркәсіп	99,7	тау-кен саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы	99,3
7.1 Тау-кен өндіру саласы	99,1	шикі мұнай мен металл рудаларын өндірудің төмендеуі	98,6
8. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	95,7	саудамен айналысатын кәсіпорындармен тауарларды бөлшек саудада өткізудің төмендеуі	92,7
9. Байланыс	96,0	мобильді байланыс пен жергілікті телефонды байланыстан түскен кірістердің төмендеуі	96,2
10. Инфляция	114,8	тауарлар мен қызметтер топтарының барлығына бағалардың өсуі	114,4
11. Сыртқы сауда айналымы*	57,7	экспорт пен импорттың төмендеуі	62,9
11.1 Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	57,4	минералды өнімдер, соның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	57,6
11.2 Сыртқы сауда айналымы: импорт*	58,4	жабдықтар мен машиналар импортының қысқаруы	74,3

*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп жарияланады. Осы себеппен, кестенің сол жақ бағанасында мәліметтер 2016ж. қаңтары 2015ж. қаңтарына %-дық есеппен, ал оң жақ бағанасында 2015ж. қаңтар-желтоқсаны 2014ж. қаңтар-желтоқсанына %-дық есеппен келтірілген.



Жалпы ішкі өнім


1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

2015ж. ЖІӨ 1,2%-ға өсті

ҰЭМСК-нің жедел деректері бойынша, 2015ж. ЖІӨ 2014ж. салыстырғанда нақты көрсеткіште 1,2%-ға ұлғайып, 40,8 трлн. болды.

Тауарлар өндірісі 0,1%-ға, ал қызмет көрсету 2,3%-ға өсті. 2014ж. салыстырғанда, қызметтерді өндіруінің өсуі 3,4%-ға баяулады, бұл ретте ЖІӨ құрамындағы қызметтердің үлесі 56,8%-ға дейін өсті.

2015ж. үшін өндіріс әдісімен ЖІӨ-дегі дефлятор мәні 98,9%-ды құрады (2014ж.-105,6%); тауарларды өндіру - 99,3%, қызметтерді өндіру - 104,1% (2014ж. нәтижелері бойынша сәйкесінше 106,8% және 107,5%).



2015ж. қорытындылары бойынша ауыл шаруашылығы, құрылыс пен қызмет көрсету секторлары ЖІӨ-нің өсуіне оң үлесін енгізді. Тау-кен саласындағы төмендеу есебінен өнеркәсіп өндірісінің көлемдерінің қысқаруы ЖІӨ-іне теріс әсерін тигізді.

1.4. Түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ

2015 ж. қаңтар-қыркүйегінде түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ 1,0%-ға ұлғайды

ҰЭМСК деректері бойынша, 2015ж. қаңтар-қыркүйегінде ЖІӨ нақты көрсеткіш бойынша 1,0%-ға ұлғайып, 25,2 трлн.теңге болды. Түпкілікті тұтыну шығыстары 2,8%-ға өсті, жалпы жинақтау 2014ж. тиісті кезеңіне шаққанда 5,0%-ға өсті.

Өсуге үй шаруашылықтарының (2,8%-ға), мем. басқару органдарының (2,5%-ға), ҮШҚҚҰ* (3,0%-ға) түпкілікті тұтыну шығыстарының, сондай-ақ негізгі капиталды жинақтау үшін шығыстардың (1,3%-ға өсу) ұлғаюы себепші болды. ЖІӨ құрамындағы таза экспорттың үлесі 12,4%-ға төмендеп, 5,0%-ды құрады. Тауарлар мен қызметтердің экспорты 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 8,2%-ға, импорты 6,7%-ға төмендеді. 2015ж. қаңтар-қыркүйегінде түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ-нің дефлятор мәні 95,2%-ды құрады (2014ж. 111,0%); түпкілікті тұтыну шығыстары - 108,2%, жалпы жинақтау - 104,1%, экспорт - 72,3%, импорт - 96,6% (2014ж. қорытындылары бойынша сәйкесінше 109,1%, 106,7%, 116,2% және 109,6%).


*- ҮШҚҚҰ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар



1.5. ТМД елдеріндегі ЖІӨ

2015ж. қорытындылары бойынша - Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2015ж. қорытындылары бойынша ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің 2014ж. қатысты ең көп өсуі Өзбекстанға тиесілі (8,0%-ға өсу). Беларусь, Ресей және Украинада 2015ж. ЖІӨ сәйкесінше 3,9%, 3,7% және 1,2%-ға төмендеу байқалды.



*-данные представлены за январь-сентябрь 2015г.

1.6. Негізгі ықпал ету факторлары


Мұнайдың бағасы

Мұнай бағасының өзгеруі өнеркәсіптегі баға деңгейіне және, тиісінше, өндірістің құндық көлеміне айтарлықтай ықпал етеді. Бір жылдың ішінде Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы әлемдік тауар биржаларында 42,7%-ға төмендеп, 2015ж. ақпанда баррельге 33,2\$ құрады. Тау-кен өндіру саласында өндірістің көлемдері 2016ж. қаңтар-ақпанында 2015ж. қаңтар-ақпанымен салыстырғанда нақты көрсеткіште 0,9%-ға төмендеді, ал ақшалай көрсеткіште 13,6%-ға өсті.

Мұнай бағасы және өндіріс көлемдері

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндірісі алып отыр, 2016ж. қаңтар-ақпанда оның үлесі сәйкесінше 37,5%-ға тең болды.

2016ж. қаңтар-ақпанында өңделмеген мұнайды өндіру (НКИ) 2015ж. қаңтар-ақпанымен салыстырғанда 0,3%-ға төмендеді. 2016ж. қаңтар-ақпанда өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2015ж. қаңтар-ақпанына қарағанда 0,9%-ға төмендеді. 2016ж. ақпанында мұнай бағасының индексі 2015ж. тиісті кезеңіне қарағанда 10,6%-ға төмендеді. Тау-кен өндіру саласының НКИ-і 2016ж. қаңтарымен салыстырғанда 2,6%-ға өсті**.



*- <http://econ.worldbank.org>

** - <http://stat.gov.kz>: 2015ж. қаңтар-ақпандағы өнеркәсіп жұмысының көрсеткіштері

Сыртқы сұраныс


Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2016ж. қаңтарында ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 48,7%-ға тең болды), Қытайға (8,9%) және Ресейге (7,7%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2015ж. ЕО ЖІӨ (28) 1,9%-ға өсті, 2015ж. қорытындылары бойынша Қытайда ЖІӨ-нің өсуі 6,9%-ға тең болды, ал Ресейде 2015ж. қорытындылары бойынша ЖІӨ 3,7%-ға төмендеді.

Сыртқы сауда айналымы**2016ж. қаңтар**

2016ж. қаңтарда сыртқы сауда айналымы 42,3%-ға төмендеді (экспорт 42,6%-ға, импорт - 41,6%-ға төмендеді). 2016ж. қаңтарында экспорттық өнімдердің арасында газ конденсаты 9,6%-ға, мұнай 7,4%-ға төмендеді, бидай 20,2%-ға, қорғасын 10,7%-ға, көмір - 7,2%-ға, мыс - 2,8%-ға өсті. Импорттық өнімдердің арасында шай 23,9%-ға, қағаз 16,3%-ға, аяқ киім 14,4%-ға, кофе 12,1%-ға, өсімдік майы 1,8%-ға, сүт өнімдері 0,6% -ға қымбаттады, шұжық өнімдері 0,4%-ға арзандады.


Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2016ж. қаңтарында-73,0%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (40,5%) басымдыққа ие. Экспорттың төмендеуіне келесі тауарлар топтарындағы төмендеу себепші болды: минералды өнімдер - 47,3%-ға, металлдар және олардан жасалған бұйымдар - 31,7%-ға.

Импорттың төмендеуіне келесі тауарлар топтарындағы төмендеу себепші болды: машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар - 53,8%-ға, минералды өнімдер - 36,5%-ға, металлдар және олардан жасалған бұйымдар - 29,7%-ға, мал және өсімдік өнімдері, дайын өсімдік тауарлары - 27,8%.

**Экономикадағы ақша ұсынысы****Несилер бойынша берешек***

2015ж. ақпанда экономикаға берілген несиелердің жалпы көлемі 3,7%-ға артып, 12,5 трлн. теңгені құрады.

2016ж. ақпанның аяғында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда экономикаға берілген несиелердің көлемі 3,7%-ға ұлғайған. 2016ж. ақпанның аяғына қатысты, экономикаға берілген несиелердің көлемдері, көрсетілген кезеңде несиелендіру сәйкесінше 13,6%-ға төмендеген құрылыстан басқа, экономиканың барлық салаларында ұлғайды. Экономикаға берілген несиелер көлемдері 2016ж. ақпанда өткен айға 2,4%-ға қысқарды. 2016ж. ақпанда жаңа несиелерді берудің көлемі 2015ж. ақпанымен салыстырғанда 15,0%-ға ұлғайды.



*-кезең соңындағы деректер бойынша

** - өндірістік емес сала, жеке қызмет




2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКИ

Тауарлар өндірісі

2.1. Өнеркәсіп


Өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-ақпанда өнеркәсіп өндірісінің көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне 0,3%-ға азайды (2016ж. қаңтарда 0,7%-ға азаю, 2015ж. қаңтар-ақпанда - 0,4%-ға ұлғаю). Бұған тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы түрткі болды.




Тау-кен өндіру - өндіріс көлемдерінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-ақпанда тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне 0,9%-ға төмендеді (2016ж. қаңтарда - 1,4%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-ақпанда - 0,9%-ға ұлғаю). Есепті кезеңде мұнай (99,7%), көмір және лигнит (92,3%) және темір рудаларын (72,7%) өндіру төмендеді. Табиғи газ мен түсті металлдар рудаларын өндіру көлемдері ұлғайды (сәйкесінше 106,8% бен 109,1%).



Өңдеу - өндіріс көлемдеріндегі өсудің жалғасуы


2016ж. қаңтар-ақпанда сала бойынша ұлғаю 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,8%-ды құрды (2016ж. қаңтарда - 0,4%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-ақпанда 1,8%-ға өсу). Асыл және түсті металлдар өндірісі 14,6%-ға өсті, металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемдері 10,6%-ға ұлғайды (2016ж. қаңтар-ақпанда өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 45,3%-ды құрады).



2.2. Құрылыс

Өсудің жалғасуы

2016ж. қаңтар-ақпанда жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,7%-ға өсті. Құрылыс жұмыстары құрамындағы 93,7% үлесін иемденетін құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі 6,7%-ға ұлғайды. Алайда, 2016ж. қаңтар-ақпанда өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының көлемі сәйкесінше 24,1% бен 30,3%-ға төмендеді.






2.3. Ауыл шаруашылығы

Мал шаруашылығындағы өнім көлемдері өсуінің жалғасуы

Ауыл шаруашылығы секторы 2016ж. қаңтар-ақпанда 2015ж. тиісті кезеңіне қарағанда 2,1%-ға өсті (2016ж. қаңтарда - 1,9%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-ақпанда 2,4%-ға өсу), бұның ішінде мал шаруашылығындағы өнім көлемдері 2015ж. тиісті кезеңіне қарағанда 2,1%-ға ұлғайды, өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдері өзгерген жоқ.




Қызмет көрсету саласы

2.4. Сауда

Тауар айналымының төмендеуі


2015ж. қаңтар-ақпанда бөлшек тауар айналымының көлемдері 2015ж. қаңтар-ақпанымен салыстырғанда 4,3%-ға төмендеді (2016ж. қаңтарда - 7,3%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-ақпанда - 3,9%-ға өсу). Төмендеудің негізгі себебі саудамен айналысатын кәсіпорындарының бөлшек сатудағы көлемдерінің 5,4%-ға төмендеуі болған (бөлшек тауар айналымындағы бұлардың үлесі -54,3%).



2.5. Көлік

Жүк айналымының ұлғаюы


2016ж. қаңтар-ақпанда көлік секторындағы жүк айналым көлемі 2015ж. қаңтар-ақпанымен салыстырғанда 0,1%-ға ұлғайды, бұл құбыр көлігіндегі жүк ағынының 8,9%-ға артуы себебінен болды (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі - 26,6%).



2.6. Байланыс

Қызметтер көлемінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-ақпанда байланыс қызметіндегі көлемінің төмендеуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,0%-ды құрады (2016ж. қаңтарда - 3,8%-ға төмендеу, 2015ж. қаңтар-ақпанда - 9,0%-ға өсу). Төмендеудің негізгі факторлары - байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 30,3% болатын мобильді байланыстан түскен кірістердің 24,3%-ға және байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 6,8% болатын жергілікті телефонды байланыстан түскен кірістердің 9,6%-ға төмендеуі.






3. Инфляция

3.1. Тұтыну бағаларының индексі

Инфляцияның өсуі

2016ж. қаңтар-ақпанда инфляцияның деңгейі 2015ж. тиісті айымен салыстырғанда 14,8%-ға тең болды, бұған барлық тауарлар мен қызметтер топтарының бағаларының өсуі себепші болды. Айлық инфляция 1,1%-ды құрады, 2016ж. ақпанында азық-түлік тауарларының бағалары өткен айға қарағанда 0,9%-ға, ал азық-түлік емес тауарлары 0,8%-ға, ақылы қызметтер 1,6%-ға өсті,




4. Инвестициялар

4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

2016ж. қаңтар-ақпанда инвестициялардың өсуі 2015ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,1%-ды құрады (2016ж. қаңтарда - 2,5%-ға өсу, 2015ж. қаңтар-ақпанда - 2,5%-ға өсу). Негізгі көз - кәсіпорындардың меншікті қаражаты, инвестициялардағы бұлардың үлесі 68,7%-ды құрады.




5. Еңбек нарығы

5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Жұмыссыздар санының өсуі

Соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі рекордтық төменгі көрсеткішке дейін төмендеді және соңғы айларда 4,9-5,1% шегінде қалып отыр. 2016ж. ақпанда 2015ж. ақпанымен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандардың саны 0,6%-ға өсіп, ал жұмыссыздар саны 2,4%-ға өсті. Жұмыссыздық 5,1% деңгейінде қалды.



5.2. Жалақы және халықтың

кірістері

Халықтың нақты ақшалай кірістерінің төмендеуі

2016ж. қаңтар-ақпанында орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2015ж. қаңтар-ақпанымен салыстырғанда 3,2%-ды құрады. 2016ж. ақпанда нақты жалақы индексі 2015ж. ақпанына қарағанда 8,9%-ға төмендеуді көрсетті. Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптыстырылатын бағалау көрсеткіші) 2016ж. қаңтарда 3,5%-ға төмендеуді көрсетті.

